

Қазақстан Республикасының жазғы І Спартакиадасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 мамыр N 781

Дене тәрбиесі мен спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі 2001 жылдың шілде-тамызында Астана және Алматы қалаларында Қазақстан Республикасының жазғы І Спартакиадасын өткізсін.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен және Астана қаласының әкімімен бірлесе отырып 2001 жылғы 24 маусымда Астана қаласының Қ. Мұңайтпасов атындағы Орталық стадионында Қазақстан Республикасының жазғы І Спартакиадасының салтанатты ашылуының мәдени-спорттық мерекесін өткізсін.

3. Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен жарыстардың бірінші және екінші кезеңдерін өткізуді, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының құрама командаларының Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсіміне және финалдық жарыстарға әзірлігі мен қатысуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі шаралар, жарыстар өткізілетін орындарда және Спартакиадаға қатысушылар тұратын орындарда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасының жазғы І Спартакиадасын әзірлеуді және өткізуді бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының жазғы І Спартакиадасының жарыстарына қатысушыларды тасымалдауға жәрдем көрсетсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК